

*Каирова, Б.К.,
аға оқытушы,
Каирова, А.К.,
аға оқытушы,
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

«АЛАШ» ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік аренада танылып, жаңа демократиялық қоғам ретінде дүниеге келуі кезінде алаш қайраткерлерінің ансаған арманы, өмірлерін пида етіп, жасаған ерлік әрекеттерінің жалғасы деп түсінуіміз керек. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ақиқаты айтылмай келген тәлім-тәрбиелік мәні зор Алаш қайраткерлерінің озық ойлары мен прогрессивті идеяларының шынайы бағасын беруге деген талпыныс басталды. Оған дәлел бүгінгі таңда жарық көріп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми материалдары мен Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары. Білім беру мекемелерінде аталып өтіп жатқан мәдени-тәрбиелік іс-шаралар. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату – қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, айта беретін тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты таңдауға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес» – деген болатын [1].

Бүгінгі жаһандану заманында болашақты жасайтын жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми психологиялық-педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге негізделе отырып, өзіміздің елімізде ғылыми-практикалық қол жеткізген табыстармен сабақтастықта сапалы білім, саналы тәрбие беру басты мақсатқа айналып отыр.

Еліміздің тарихына көз жүгіртіп, тарихы мен мәдениетін терең танытып, тәуелсіздік жолында ерлік еңбегімен артына өшпейтін із қалдырған тұлғалардың асыл мұраларын жастардың бойына сіңіру, бүгінгі күні өзекті мәселеге айналып отыр. Өйткені, қазіргі коммуникативтік-ақпарат құралдары арқылы жүретін көптеген ақпараттар (әсіресе жастарға арналған) батысқа еліктеуге, космополиттік сананы қалыптастыруға ат салысуда.

Қазақ даласында ғасыралра бойы жинақталған психологиялық-педагогикалық мұралар, Алаш қайраткерлерінің идеяларынан жалғасын тауып, білім мен тәрбиені халықтық мәдениетке сәйкестілік, табиғатқа сәйкестілік принциптерге негізделген идеяларын жастардың санасына қалыптастыру арқылы егеменділігімізді сақтаудың, елдігімізді сақтаудың тура жолы болып табылады.

Ғалымның негізгі мақсаты – болашақ ұрпаққа халықтың өткендегі өмірінің ақиқатын ашып, тереңірек түсіндіру, зиялы тұлғалардың іс-әрекетін үлгі етіп, мән-маңызын ашып көрсету. Алаш қайраткерлері өз еңбектерінде халықтың арман-тілегін, көзқарасын баяндады, рухани-мәдени мұраларға баса көңіл аударып, оны тәрбиенің таптырмас құралы, әдіс-тәсілі ретінде ерекше атап көрсетті.

Өздері боданды саясаттың қатерлі ықпалына жалтақтамай, жанқиярлықпен елінің жарқын болашағы үшін күресті. Алаш партиясының көрнекті қайраткерлері: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов және т.б. Олар туған халқының ауыр халін сезіп, елінің жоғын жоқтаушысы ғана болып қойған жоқ, өздерінің өжет идеяларымен ұлт-азаттық қозғалыстың қақ ортасында жүріп, батыл іс-әрекеттер жасады.

«Алаш» партиясының бағдарламасында ел басқару жүйесі, жастарды білім-ғылымға шақыру, ұрпақ тәрбиесі, ұлттар теңдігі, азаматтардың құқы мен бостандығы т.б. идеялар кеңінен орын алған. Сол себепті Алаш қайраткерлерінің өмірінен өнеге алып, олардың

аманат еткен идеяларын жалғастыру, жүзеге асыру әрбір қазақстандық азаматтың абыройлы парызы болу керек. Олай болса, Алаш идеясы – ұрпақтың бойына отаншылдық пен патриотизм идеясын сіңірудің басты құралы ретінде оқу-тәрбие жұмысында кеңінен қолданылуы қажет.

Алаш қайраткерлерінің көтерген басты идеялары:

Әлихан Бөкейханов жер мәселесіне, жердегі барлық қазба байлықтардың ел мақсатына пайдалануды көздеді. «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, деп экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылды. Оның сол кезде көтерген жер мәселесі бүгінгі таңда да қазақ ұлты үшін өзектілігін жойған жоқ. Ол елімізде тәуелсіз мемлекет құрып, ұлттың тілін, дінін, ділін сақтап қалуды және ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйенген ұлттық-демократиялық мемлекет құру жолында аянбай еңбек етті [2].

Ахмет Байтұрсынов бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық кемелденуіне бағыштады. Ол оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеді. Қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитін жетілдіру, терминдер туралы ғылыми еңбектер жазды. Ол: «тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп, тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Тіл мен білімді қатар қойып: «басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін – оқу керек! Бай болу үшін – кәсіп керек! Күшті болу үшін – бірлік керек! Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!» – жастарды бірлікке, білімге шақырды.

Міржақып Дулатов қазақ жастарын оқып білім алуға, орыс тілі мен өнерін үйренуге, алған білімді халық мүддесіне жұмсауға шақырды. Оның «Оян, қазақ!» деген еңбегі сол кездегі қараңғы қазақ еліне ұрандай болып тарап, сана-сезімдерін оятып, жаңаша ойлауға, елінің елдігі мен бірлігін сақтауға бар күш салды. Жалпы қазақ халқының жақсы өмірге жетуіне қажетті басты нәрсе – еркіндік пен тәуелсіздікке жету деп, өз шығармаларында жастарды патриоттыққа, еңбекқорлыққа, мәдениетке шақырды [3].

Жастардың интеллектуалдық көрсеткіштерін рухани құндылықтарымен қатар өзара тікелей байланыста тәрбиелеудің маңызы зор. Осыған байланысты Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұсынды. Рухани жаңғыру дегеніміз – әрбір жеке тұлға үшін оның тәрбиесі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухани тамырынан нәр алған құндылықтары мен оның жаһандық өзгерістерді бойына сіңіру, еліне адал қызмет ету. Еліне адал қызмет етудің тамаша үлгісін «Алаш» қайраткерлерінің өмірінен, ерлінінен, қалдырған асыл мұраларынан маржандай теріп, болашақ ұрпақтың рухани құндылығына айналдыру.

Атақты француз әлеуметтанушысы Э. Дюркгейм: «Әрбір ұрпақ дайын дүниеге, қалыптасқан құндылықтар мен тәжірибелер ортасына келеді. Оқу-тәрбие үрдісінде өзінен бұрынғы ата-бабалар салған мұраны қабылдап, қалыптасқан мәдениетті, салт-дәстүрді, тәжірибені, білімді игеру арқылы өзінің тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады» – деген [4]. Олай болса, бүгінгі қазақстандық жастардың жаһандық дүниетанымын қалыптастыруда «Алаш» мұрасын, қазақ халқының тағдыры мен тарихын, ұлттық мүддесі мен рухани құндылықтарын, тілі мен ділін сақтай отырып, жаңғырту – бүгінгі тәуелсіз еліміздің рухани жаңғыру бағдарламасымен үндесіп отыр.

Рухани жаңғыру – ұлттық сананы жаңаша қалыптастыруға, тілге, дінге, мәдени құндылықтарға деген құрмет және оны күнделікті өмірде ұстануға тәрбиелеу. Абай атамыз «Адам бол» дегенде ең алдымен «саналы бол», «терең ойлап, адами қасиеттермен» өмір сүр деп үндеу тастаған. Саналы болу деген, яғни білімді болу, озық технологияларды меңгеру, жақсыға талпыну, жаманнан жирену. Бүгінгі күні бұл ұлттық идеологияға айналып отыр. Ұлттық мәдениет сақталмайынша ешқандай рухани жаңғыру болмайды. Сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыру үшін рухани құндылықтарды практикада күнделікті өмірде ұстанып отыру қажет.

Сананы жаңғыртудың бірнеше бағытына көшбасшымыз Н.Ә. Назарбаев белгілеп берді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттар ғаламдық білімді игеруге, ұлттық мәдениет пен құндылықтарды мейлінше қадірлеуге шақырады. Бұдан Алаш идеяларының ХХІ ғасырда жаңа бағытта өзінің өміршеңдігімен тарих сахнасында жаңа жетістіктерге қарай жетелей беретінін көрсетті. Олардың есімдерін құрметтеп, жарқын болашақ үшін тар жол, тайғақ кешіп жасаған ерлік еңбектерін қастерлеу әрбір саналы азаматтың басты парызы болып ала бермек.

Әдебиет тізімі

1. Назарбаев, Н.Ә. Менің арманым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу // <http://www.inform.kz/>.
2. <http://e-history.kz/kz/contents/view/>.
3. Жарықбаев, Қ. Психология: тарихы / оқулық. – Алматы, 2010. – 348 б.
4. Әмірова, Б.Ә. Этнопсихология. – Астана: Фолиант, 2005. – 184 б.

*Карбенова, З.У.,
к.п.н., профессор
Евдокимова, О.Н.,
к.п.н., заведующая кафедрой
Ассамблеи народа Казахстана
КГПИ, г. Костанай, Казахстан*

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОГО СПЕЦИАЛИСТА В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ВУЗА

История отчетливо показывает, что судьбоносные прорывы наиболее успешных стран мира были достигнуты во многом благодаря широкой и искренней поддержке народа. Когда практически каждый был «охвачен» и «заряжен» общей идеей, весь народ был объединен одной целью, страны совершали исторические успехи в своем развитии. Это – послевоенные Япония и Германия, которые смогли восстать из пепла, это также – азиатские тигры, которые совершили модернизационный рывок в прошлом веке. У всех этих стран была одна, общая национальная идея, которая объединяла и сплачивала весь народ. Казахстан вошел в ХХІ век мощно и уверенно, заняв достойное место в мировой семье наций. Воплощена в реальность многовековая мечта многих поколений наших предков о едином народе, мирно созидающем национальные богатства, живущем дружно в достойной стране, известной и уважаемой во всем мире.

«Мәңгілік Ел» – вечная страна! Эту идею преследовали наши предки на протяжении многих веков, и сегодня нам предоставляется такая возможность, как оценить их вклад в создание и развитие этой идеи. В настоящее время, эта идея направлена на успешное развитие нашего государства, тем самым реализуя все планы и мечты народа. Национальная идея выросла из основания нашей государственности. Для любого казахстанца, где бы он не находился, родная земля – благодатная земля, где будут жить наши потомки сто, пятьсот, тысячу лет спустя. Поэтому, когда мы говорим о своей мечте – Мәңгілік Ел – то стремимся укрепить все победы независимости навечно, навсегда. Глава государства провозгласил национальную идею «Мәңгілік Ел» в Стратегии «Казахстан – 2050», которая рождена всем